

2024-2025 оқу жылына арналған "Психологиялық қызмет" жобасының жоспарына сәйкес 5 -11 сынып ата-аналарымен «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық», «Буллингтің алдын алу» тақырыбында 19.02.2025-28.02.2025ж аралығында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай ауданының білім бөлімінің Мемлекеттік тілде оқытатын Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі" КММ мектеп психологы Т.К.Хусайнова, әлеуметтік педагог Сыздыкова Ж.С. сондай-ақ психологиялық қызмет мамандарымен бірлесіп психологиялық тренингтер өткізілді және ақпараттық ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Тренинг кезең-кезеңімен орындау бойынша жүргізілді. «Жан жылуы», «Кім жылдам», «Бақыт туралы хат», «Гүл», «Губка» ойын-жаттығулары өткізілді. Ата-аналар тренингтерге белсенді қатысып, сол арқылы баланы түсінуде өз дағдыларын дамытып, балаларды тәрбиелеу бойынша ұсыныстармен танысты. Сонымен қатар, «Тәрбие отбасынан басталады», «Отбасындағы зорлық-зомбылық» тақырыбында бейнероликтер көрсетілді.

Бұл іс-шараның мақсаты-өз баласының мінез-құлқын түсінуге жол табу, тиімді қарым-қатынас тетіктерін түсіну және хабардарлықты арттыру арқылы ата-аналық құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал ету.

Кездесу соңында ата-аналарға «Сенім телефоны» туралы буклеттер, визиткалар таратылды

Қамтылған ата-аналар саны -34.



